



Р.А.ОМАРОВА,
к.ф.н., профессор
кафедры теории
и практики
перевода ПГУ
им.С.Торайғырова

ЯЗЫКУ НЕЛЬЗЯ НАУЧИТЬ, ЕМУ МОЖНО ТОЛЬКО НАУЧИТЬСЯ

Так гласит восточная мудрость.

Слух современного человека приурочился и привык к слову «глобализация». Губы привычно произносят: «в век глобального мира», «в эпоху глобализации», «глобализация требует» – и так далее, и тому подобное. Мы, не задумываясь, легко произносим эти словосочетания. А нужно бы подумать, как слово «глобализация» и все образования от этой ядерной основы должны и могут, подчеркиваем, могут функционировать на деле. И тут самое время вспомнить, что во главе глобального мира находится человек, который и наполняет смыслом слово «глобализация».

Люди, которые представляют порою диаметрально противоположные миры, различные культуры, говорят на разных языках, располагают, как обычно, некоторым набором представлений друг о друге, так называемыми стереотипами – готовыми оценками людей и ситуаций. Стереотипы определяют избирательность восприятия, влияют на оценки и диктуют конкретное поведение. Они-то и бывают камнем преткновения при общении с конкретным представителем конкретной нации. Человек ищет подтверждения национальных гетеростереотипов, получая, таким образом, уверенность в «правильности» собственных стереотипных суждений. Но людей разъединяют не только стереотипы, но и незнание языка друг друга. Всё это в совокупности называется «лингвоэтнический барьер» – расхождение в языках, закономерностях их функционирования, в культурах общающихся. Конечно, разницу в языках поможет преодолеть переводчик, но его задача состоит только в нейтрализации лингвоэтнического барьера, то есть происходит лишь замена адресатов общения типа: русский-немец, англичанин-китаец, но не производится замены типа: специалист-неспециалист, взрослый-ребенок. И на все случаи жизни невозможно иметь при себе переводчика. Мир глобализируется, земной шар становится все тесней и тесней, контакты неизбежно учащаются и происходят непосредственно ближе. И люди хотят, чтобы эти контакты, в личной сфере или в бизнесе, тем более в политике были успешными и процветающими.

Как быть, что же делать в таких случаях? Иоганн Вольфганг Гёте, великий немецкий поэт, давно ответил нам на этот вопрос: «Примениться к условиям жизни» чужеземца и в особенности к «складу его языка» единственно возможно, выучив его язык». Тем более сегодня, в век современных технологий, есть огромные возможности для занятий изучением языков и самообучения.

Только в пределах Павлодара существует масса возможностей обучения, помимо специальных высших учебных заведений, в языковых школах, на языковых курсах: немецкому языку можно научиться в «Возрождении», в языковом учебном центре, филиале Гёте-института. Готов обучать, и обучает языкам – казахскому, английскому, немецкому, китайскому – языковой центр ПГУ им. С.Торайғырова.

Знание языков делает разноцветно-широкий мир доступным, понятным и родным.



Жастар – жарқын болашағымыз

УЧИТЬСЯ,
ИГРАЮЧИ!



5
бет

ЕДИНСТВО
И ГАРМОНИЯ
НАУРЫЗА



8
бет



СТУДЕНТТІК
ПӘНДІК
ОЛИМПИАДА

10
бет



ҚАМҚОРЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ ОТЫРЫСЫ



2013 жылдың 18 наурызында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Павлодар облысы әкімі Ерлан Арынның қатысуымен ПМУ Қамқорлық кеңесінің бірінші ұйымдық отырысы өтті.

Қамқорлық кеңес – білім беру мекемесінің ресурстық базасын нығайтуын қамтамасыз ететін қоғамдық басқару органы болып табылады. Кеңес білім беру мекемесіне мақсатты түрде бөлінетін бюджеттен тыс қаражаттарды нысаналы пайдалануға бақылау жасайды.

Қамқорлық кеңес отырысын ашқан ПМУ ректоры, э.ғ.д., профессор Серік Өмірбаев жиналған қауымның назарына 2013 жылдың 27 ақпанында өткен университеттің Ғылыми кеңесінің барысында қарастырылған қамқорлық кеңесінің басшылығы және мүшелігі құрамын бекітуге ұсынды.

Облыс әкімі Ерлан Арын университеттің қамқорлық кеңесінің төрағасы болып бір ауыздан сайланды.

Отырыс барысында облыстың белгілі қоғам қайраткерлері және ірі кәсіпорындардың басшылары бір ауыздан Университеттің қамқорлық кеңесінің құрамына толық мүшелікке қабылданды.

Қамқорлық кеңес құрамына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мейрам Бегентаев, С.Торайғыров

атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры Серік Өмірбаев, «Екібастұздық ГРЭС-2» станциясы» АҚ директоры Владимир Белов, «Павлодар мұнай-химия зауыты» АҚ бас директоры Шухрат Данбай, «Кастинг» ЖШС ПФ директоры Юрий Карман, «Мұнайхим LTD» компаниясы» ЖШС директоры Ерлан Құсанов, «Каустик» АҚ басқармасының төрағасы Ерлан Орымбеков, Павлодар облыстық телекоммуникациялар дирекциясының бас директоры Абылай Сейітжанов, «Казнергокабель» АҚ бас директоры Денис Семенов, Павлодар картон-рубериод зауытының директоры Николай Шабрат, «Богатырь Көмір» ЖШС директоры Виктор Щукин енгізілді.

Қамқорлық кеңесінің мүшелері ПМУ ректоры С.Өмірбаев университеттің стратегиялық жоспары жөніндегі баяндамасын тыңдады. Жоспардың негізгі бағыты – ПМУ-ды зерттеу-инновациялық университетіне айналдыру. Сонымен қатар, университеттің стратегиялық жоспарына «Gyulum city» жобасы кіреді. Бұл университеттің зертханалары мен ғылым бөлімшелерінің нығайтылған кешені деп Серік Мәуленұлы мәлемдеді.

Отырыстың соңында кеңес мүшелері С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қамқорлық кеңесінің 2012-2013 оқу жылына арналған жоспарын бекітті.

Құралай ШАЙМАРДАНОВА

ВИЗИТ ПРЕДСТАВИТЕЛЯ МОН РК

4 марта 2013 года заместитель председателя Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан Темиргали Абилямажинов посетил с рабочим визитом Павлодарский государственный университет им. С.Торайғырова.



В ходе визита ректор Павлодарского госуниверситета Серик Омирбаев ознакомил Темиргали Текебасовича с системой информатизации вуза, которая включает в себя образовательный портал университета, мультисервисную информатизационную систему «e-Learning CDT», систему электронного документооборота, информационно-телекоммуникационную систему вуза (информационный киоски, система видеоконференц-связи, 19 интерактивных проекторов и др.).

В целом, внедрение и развитие инновационных информационных технологий в ПГУ им. С.Торайғырова необходимо для создания единой информационной среды, предоставления обучающимся, сотрудникам и профессорско-преподавательскому составу университета актуальной информации, изменяющейся в режиме реального времени, что, в свою очередь, обеспечивает своевременный мониторинг образовательного процесса, подчеркнул Серик Мауленович.

Презентацию системы электронного университета представила вниманию высокого гостя директор Центра информатизации образования ПГУ им. С.Торайғырова Дария Абыкенова.

С фондом редкой книги научной библиотеки им. С. Бейсембаева Павлодарского госуниверситета ознакомила директор Саида Исмадиева, продемонстрировав книги серии «Рухнама», серию книг о Машхур Жусипе Копееве, С.Торайғырове и др., серию нобелевских лекций.

Кроме этого, Темиргали Текебасович посетил научные лаборатории ПГУ им. С.Торайғырова. Профессор кафедры зоотехнологии, генетики и селекции, к.б.н. Мағаш Айтханұлы ознакомил высокого гостя с оборудованием лаборатории биотехнологии животных. Доцент кафедры химии и химических технологий, к.х.н. Эльдар Копишев продемонстрировал лабораторию химии наноструктурированных полимерных гидрогелей и наноэлектроники. Лабораторию биотехнологии растений представил декан агротехнологического факультета, д.с.н., профессор Токтар Бексеитов. Руководитель научно-производственного центра «Энергосбережение и технологии» ПГУ им. С.Торайғырова, д.т.н., профессор ВАКА Болатбек Утегулов продемонстрировал Темиргали Текебасовичу лабораторию энергосбережения и технологии.

Дмитрий ЛАРИОНОВ

ПЕРСПЕКТИВЫ СЭЗ «ПАВЛОДАР»

14 марта 2013 года в Павлодарском государственном университете им. С.Торайғырова состоялось заседание Научно-технического Совета на тему «Научная поддержка и продвижение инновационных проектов с целью обеспечения специальной экономической зоны «Павлодар» высокотехнологичными производствами».

Открывая заседание, проректор по инновациям и новым технологиям ПГУ им. С.Торайғырова, д.б.н., профессор Нурлан Ержанов отметил, что главная цель создания таких зон – решение стратегических задач развития государства в целом или отдельной территории: внешнеторговых, общеэкономических, социальных, региональных и научно-технических задач.

На заседании Научно-технического Совета в качестве специалистов-экспертов присутствовали директор департамента инвестиционных проектов СЭЗ «Павлодар» Биеке Болатов и советник Председателя Правления АО «Управляющая компания СЭЗ «Павлодар» Борис Шаров.

Научные проекты и разработки по приоритетным научным направлениям вуза в сфере СЭЗ представили ученые Павлодарского государственного университета им. С.Торайғырова: декан энергетического факультета, к.т.н., профессор Александр Кислов, декан факультета металлургии, машиностроения и транспорта, к.т.н., профессора Төлеуғазы Токтаганов, к.х.н., доцент кафедры химии и химических технологий Римма Несмеянова.

Главными аспектами обсуждения на заседании стали привлечение прямых иностранных инвестиций, передовых технологий производства товаров и услуг, создание новых рабочих мест.

Руфина ТОРПИЩЕВА

АГРОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ КҮНІ

2013 жылдың 1 наурызында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Агротехнологиялық факультеті күні өтті. Шараға университет ректоры С.М. Өмірбаев, Павлодар облысы әкімінің орынбасары Н.К. Ашимбетов, Ауылшаруашылық басқармасының бастығы Б.С. Шарипиденов, агроөнеркәсіптік комплексі ірі кәсіпорындарының басшылары қатысты. Факультет күні аясында ректор қабылдауы, факультеттің мұражайлық экспозициялары және зертханалық қорымен, факультет ғалымдарының еңбектері әрі жетістіктерімен танысу жүзеге асты. Павлодар облысы агроөнеркәсіптік комплексінің ірі кәсіпорындары мен облыстың басшыларының қатысуымен «Агроөнеркәсіптік комплексінің болашақ маманының моделі» атты семинармен жалғасын тапты.

Ауылшаруашылығы Қазақстан экономикасының маңызды салаларының бірі екені мәлім. Бұл сала мемлекеттің

азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мұндағы жетістікке жетудің басты кілті – кадр мәселесі екені даусыз. Саланың дамуына байланысты мамандықтар тапшылығы байқалауда. Сондықтан, С.Торайғыров атындағы ПМУ 2000 жылдан бері агрошаруашылық комплексінің мамандарын даярлауды қолға алған. 2003 жылдан бастап жұмыс жасап келген Генетика және биотехнология кафедрасы 2009 жылдан бері жеке Агротехнологиялық факультет ретінде шаңырақ көтерді. Факультет мамандарының бірлікте жұмыс жасауының арқасында кадр потенциалы қалыптасты, зертхана қоры ұлғайды. «Агроөнеркәсіптік комплексінің болашақ маманының моделі» семинары барысында мынадай мәселелер төңірегінде сөз қозғалды:

1. Агроөнеркәсіптік комплексінің болашақ маманының моделі;
2. Агроөнеркәсіптік комплексінің



мамандықтарының кәсіби бағдарлануы;

3. Түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіптік тәжірибеден өту мәселелері;

4. Агроөнеркәсіптік комплекске инновацияларды өңдеу және енгізу;

Агротехнологиялық факультет күні соңында факультеттің үздік оқытушыларын облыс әкімінің орынбасары Н.К. Ашимбетов, университет ректоры С.М. Өмірбаев, факультет деканы Т.К. Бексеитов дипломдармен марапаттады.

Жанар ӘБДІҚАЛИҚЫЗЫ

БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР БІЛІКТІ МАМАНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ



2013 жылдың 4 наурызында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Журналистика кафедрасының студенттері «Қазақстан – Павлодар» ТК басшысы Бауыржан Айтқазинмен кездесті.

Шараға облысымыздың аймақтық журналистика саласының белгілі мамандары қатысты. Студенттермен С.Торайғыров атындағы ПМУ Журналистика кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., ЖАК профессоры Қ.Алдабергенов, С.Торайғыров атындағы ПМУ Журналистика кафедрасының доценті, э.ғ.к., М.Омаров, С.Торайғыров атындағы Журналистика кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к., Ж.Мананбаев кездесті.

Қ.Алдабергенов сөзінің басында «Бұл – кездесу болашақ журналистер журналистика саласының майталман

маманына кәсібінің қыр-сырын танып-білуі мен ақыл-кеңес алу мақсатында бетпе-бет сауал қоюына мүмкіндіктер ала алады, – деді.

Өз кезегінде Б.Айтқазин заманауи журналистикаға кіріспе беріп қана қоймай, Қазақстан әлемдік деңгейдегі жаңа белестерді журналистер жаңа талаптармен бағындыруды көздеп отырғандығын қада атап кетеді. Жаһанның ақпарат әлемін бағындыру білікті журналистер қолында.

Құралай ШАЙМАРДАНОВА

ПМУ ҒАЛЫМДАРЫ «ЕХРО-2017» КӨРМЕСІНЕ ДАЙЫНДАЛУДА

Қазақстан Республикасы Президенті телерадиоқешенінің түсірушілер тобы «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесінің қарсаңында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Жасыл энергетика» саласында жүргізілген зерттеулер жөнінде материал дайындады.



Жаңа дәуірге орай жаңаша бастамалар легін 2017 жылы Астанада өтетін «ЕХРО» көрмесінен көретін боламыз. Елбасымыздың қаулысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиоқешені қазақстандық ғалымдардың «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесіне орай дайындап жүрген ғылыми зерттемелері туралы фильмдердің көрсетілімін дайындауда.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің инновациялық және жаңа технологиялар жөніндегі проректоры, б.ғ.д. Нұрлан Ержанов Елбасымыздың телерадиоқешені түсірушілер тобы назарына техникалық ЖОО негізінде ашылған ПМУ-дың тың зерттемелерімен таныстырып қана қоймай, бастамалардың тарихына да үңіле кетті.

ПМУ-дың Энергетика факультетінің деканы, т.ғ.к., профессор Александр Кислов астаналық түсірушілер тобына университеттің Қуат үнемдеу орталығымен танысуды ұсынды. Орталықтың ғалымдары зерттеп шығарған басты қондырғы – суды электр тоғы разрядтарының күшімен зарарсыздандыратын құралы.

Сонымен қатар, А. Кислов келген қонақтарға университет аймағында орналасқан қуаты 2,2 кВт 4 желді-генераторлық қондырғылары және



қуаты 8,6 кВт 10 күн панелдерін көрсетті. Аталмыш қуат үнемдейтін қондырғылар ПМУ-дың студенттік филармониясы, соған қоса, концерттік залын жарықтандырады. Алдағы кезеңде университет зерттеушілері Ертіс өзені жағасына бөгетсіз су электр құрылымын салуды жоспарлауда.

Сайып келгенде, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғалымдары алдағы «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесіне дайындықтың жоғары деңгейде жүріп жатқанын көрсетті.

Жанар ЕЛЕШОВА

ҚАЗАҚСТАН-ГЕРМАНИЯЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

2013 жылдың 13 наурызында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің басшылығы Эрнст Мориц Арндт атындағы Грайфсвальд университетімен бірлесе отырып Еуропалық одақтың «Tempus» бағдарламасына қатысу үшін тиісті Мандатқа қол қойды.

«Tempus» – бұл Еуропа Одағының жоғарғы оқу орындарының ынтымақтас-тығы бойынша және серіктес мемлекеттердің (Батыс Балқан елдері, Шығыс Еуропа, Солтүстік Африка, Орталық Азия және Таяу Шығыс) жоғарғы оқу орындарының жобаларын қаржыландыру арқылы жоғарғы білім беру жүйесін модернизациялауға арналған бағдарлама.

Осыдан бұрын, 2013 жылдың 6 наурызында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті мен Эрнст Мориц Арндт атындағы Грайфсвальд университетінің арасындағы халықаралық ынтымақтастық жайында келісім-шартқа қол қойылған болатын.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Химиялық технологиялар және жаратылыстану факультетінің деканы, б.ғ.д., профессор Қанат Ахметов аталмыш келісім-шарт бойынша ПМУ ғалымдары мен германиялық әріптестері арасындағы болашақ бірлескен зерттеу жұмыстары бакалаврлық және магистрлық бағдарламаларға экологиялық даму курстарын енгізуді жоспарлап отырғандығын мәлімдеді.

Сонымен қатар, сол күндері С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті мен Эрнст Мориц Арндт атындағы Грайфсвальд университетінің арасындағы мағлұмдамаға қол қойылды. Сол құжатқа сәйкес, ПМУ-дың ғылыми-зертханалық базасын жабдықтауды мақсатында Германиядан өкелінген жаңа құрал-жабдықтарды пайдалануға беруді көздеп отыр.

Күралай ШАЙМАРДАНОВА

ЛЕКЦИЯ НАУЧНОГО СОТРУДНИКА ТГУ

21 февраля 2013 года ведущие ученые и студенты факультета химических технологий и естествознания Павлодарского государственного университета им. С.Торайғырова в онлайн-режиме прослушали лекцию научного сотрудника химического факультета Томского государственного университета Алексея Князева на тему «Опыт внедрения инновационных разработок в области химии».

Профессор Павлодарского госуниверситета им. С.Торайғырова, к.х.н. Федор Парамонов, открывая мероприятие, сообщил о том, что межвузовское сотрудничество позволило преподавателям и студентам ПГУ им.



С.Торайғырова принять участие в научно-практической конференции в онлайн-режиме. Непосредственные участники конференции: видные ученые Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева (г. Астана) и ведущие научные сотрудники Томского государственного университета (РФ).

По окончании данного мероприятия студенты ПГУ прослушали онлайн-лекцию на тему «Опыт внедрения инновационных разработок в области химии». Лектор – научный сотрудник химического факультета Томского государственного университета, заместитель губернатора Томской области по научно-образовательному комплексу и инновационной политике Алексей Князев.

Инновационные проекты, осуществляемые под руководством Алексея Князева, удостоены более 20 наград различного уровня, в том числе, премии Президента РФ для молодых ученых (2009) и Гран-при IX Московского международного салона инноваций и инвестиций (2009). По результатам работ коллектива, возглавляемого Алексеем Князевым, создан ряд патентов, которые переданы по лицензионным соглашениям группе инновационных компаний.

Присутствующая на мероприятии заведующая кафедрой химии и химических технологий, к.х.н., доцент Кульшат Жапаргазина отметила, что лекция Алексея Сергеевича вызвала большой интерес как у студентов, так и у профессорско-преподавательского состава Павлодарского госуниверситета, став достойным вкладом в систему знаний будущих специалистов.

Дмитрий ЛАРИОНОВ

БАЯНАУЫЛ ЭКОЛОГИЯСЫН ҚОРҒАУ

2013 жылдың 1 наурызында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің геоэкологиялық ерекшеліктері» атты халықаралық видеоконференция өтті.

Аталмыш ғылыми іс-шараға Алтай мемлекеттік университеті Геоэкология және табиғатты пайдалану кафедрасының доценті, т.ғ.к., халықаралық бағдарламалардың стратегиялық жоспарлау бөлімінің бастығы Татьяна Антифеева (Барнаул қ.) және де Ақтөбе педагогикалық институты география кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Гүлнәр Көбесова қатысты.

Конференцияны ашқан С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті География және туризм кафедрасының профессоры, т.ғ.к. Антонина Царегородцева, ПМУ Алтай мем-

лекеттік университеті және Ақтөбе педагогикалық институтымен бірлесе отырып география және туризм кафедрасының мамандықтары бойынша білім беру бағдарламалары құрылуға деп мәлімдеді. Сонымен қатар, ЖОО бөлімшелерін әдістемелік жағынан жабдықтау отырып, тығыз қарым-қатынаста болып келеді. Антонина Царегородцеваның айтуы бойынша, келешекте ЖОО арасындағы ынтымақтастық география, экология және туризм саласындағы бірлескен оқулықтар шығаруымен жалғасын табады.

Видеоконференция барысында ҚР қоршаған ортаны қорғау министрлігінің тапсырысы бойынша С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің инновациялық және жаңа технологиялар жөніндегі проректоры, б.ғ.д. Нұрлан Ержанов басқарған Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің геоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу мақсатымен өткізілген 3 жылдық кешенді жұмыстың нәтижелері анықталған. Ғылыми зерттеулерді ПМУ-дың ірі ғалымдары, соның ішінде ғылым докторлары және кандидаттар, география, биология және экология саласындағы докторанттар мен магистранттар өткізді.

Жанар ӘБДІҚАЛИҚЫЗЫ



ГОСТЬ ИЗ СЕВЕРНОЙ ПАЛЬМИРЫ



22 февраля 2013 года известный российский музыковед, обладатель почетного звания Гранд-Доктор философии в области музыковедения и культуры Раиса Слонимская прочитала лекцию для студентов кафедры исполнительного искусства Павлодарского государственного университета им. С.Торайғырова.

Доктор педагогических наук, кандидат искусствоведения, профессор кафедры теории и истории музыки в Санкт-Петербургском государственном университете культуры и искусств, член Союза композиторов России, автор научных и методических работ по вопросам теории и практики развития музыкальных способностей Раиса Слонимская приехала в Павлодар в качестве иностранного лектора ПГУ им. С.Торайғырова по программе академической мобильности.

В своей лекции Раиса Николаевна осветила основные имена и события музыкальной культуры Санкт-Петербурга за последние три века, что дало возможность слушателям погрузиться в мир русской национальной музыкальной традиции, отмеченный именами таких гениев, как М.И.Глинка, М.П.Мусоргский, Н.А.Римский-Корсаков и др.

Руфина ТОРПИЩЕВА



ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ - ЖАСТАР САЯСАТЫНАН БАСТАЛАДЫ

2013 ЖЫЛДЫҢ 26 АҚПАНЫНДА «ҚАЗАҚСТАН 2020: БОЛАШАҚҚА ЖОЛ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІМЕН ҚАБЫЛДАНДЫ. АТАЛМЫШ ҚҰЖАТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША ӘЗІРЛЕНДІ. ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ҚАБЫЛДАМАС БҰРЫН ЖОБАНЫ ТАЛҚЫЛАУҒА ЖАСТАР

ҰЙЫМДАРЫ ҚАТЫСТЫРЫЛЫП, ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ПІКІРТАЛАС ЖҮРГІЗІЛГЕН. БҮГІНГІ ЖАСТАРҒА ҚАТЫСТЫ ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР – БАСПАНА ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ. ОСЫ ТҮЙТКІЛДЕР ТҰЖЫРЫМДАМАДА ТОЛЫҚ ЕСКЕРІЛДІ. БИЫЛ ЖАСТАР САЯСАТЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА 1,5 МЛРД. ТЕҢГЕ ҚАРЖЫ ҚАРАСТЫРЫЛМАҚ. БҮДАН БЫЛАЙ ЕЛІМІЗДЕГІ ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ ӘДЕТТЕГІ АТОЙЛЫ ҰРАНДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙ, НАҚТЫ ІСКЕ КӨШПЕК.

Ел тұрғындарының 26%-дан астамын 14 – 29 жас аралығындағы Қазақстан жастары құрайды. 2012 жылы олардың саны 4,4 млн. адамға жақындады. Павлодар облысы тұрғындарының жалпы санынан жастар 24% құрап отыр. Қазақстанның көркейіп, дамуы осы 4,4 миллион жастардың қатысуымен болатынын жастардың өздері нақты түсінсе игі болар еді. Енді мақсаты айқын, бағыттары айшықты тұжырымдама жөнінде сөз етсек. Аталмыш тұжырымдама аға буынның жасампаз істерін жалғастыруға, ұлттық бәсекелестікке қабілеттіліктің деңгейін одан әрі жоғарылатуға, Қазақстанның ХХІ ғасырда гүлденуі мен әлемдік танылуын қамтамасыз етуге тиіс жастарға үлкен үміт пен жауапкершілік жүгін өз мойнына алады.

Тұжырымдамына бағытты өзіне міндет етеді: қол жетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету; салауатты өмір салтын қалыптастыру; құқықтық мәдениетті арттыру және жастар бойында мемлекеттіліктің негіз қалаушы құндылықтарына деген құрметті қалыптастыру; жастарды жұмысқа орналастыру үшін жағдайлар жасау; жастарға арналған қол жетімді тұрғын үй жүйесін дамыту; жастарды мәдени құндылықтарға тарту; жастардың азаматтық және патриоттық сезімдерін өздігінен дамытуын ынталандыру; жастар ортасында моральдық-рухани сабақтастықты қамтамасыз ету; мемлекеттік жастар саясатын ғылыми-зерттеумен қамтамасыз ету және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру; жастарды «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыруға тарту.

Мемлекеттік жастар саясатын дамыту 2012-2015 және 2016-2020 жылдарды қамтитын екі кезеңнен тұрады.

БІЛІМДІ ЖАСТАР - ЕЛ КЕЛЕШЕГІ

Жоғары білімі бар жастардың саны соңғы онжылдықта 3 есе, арнаулы орта білімі бар жастардың саны 2 есе дерлік өсті. Жоғары білімі бар ауыл жастарының саны 6 есе, қала жастарының саны 4 есе өсті. Жалпы, Қазақстан жастарының 40% жоғары, аяқталмаған жоғары және арнаулы орта білімі бар.

Қазақстан жастарына білім деңгейінің жоғары болуы төн құбылыс. ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «келешек білімді жастардың қолында» деген сөзі ақпараттың билік құрып тұрған заманында ұранға айналғаны хақ. Бүгінгі жастар білімді атанып қана қоймай, бәсекеге қабілетті білікті маман болуды мақсат тұтады. Сол себепті, тұжырымдама қол жетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз етуді іске асыру бағыттарын бекітті.

БАҒЫМА БАЛАНҒАН БАСПАНА

Жаңа шаңырақ құрған жас отбасылардың бірінші кездесетін қиындығы – баспана мәселесі. Сол себепті, жастар саясатында жастардың түйткілді мәселесінің шешуіне жол берілуі де заңды. Жастарды жұмыспен қамтуға, қол жетімді тұрғын үйге және перспективалы бизнес-идеяларды тәжірибеде қолдануға бағытталған жобаларға қатысу және өту шарттары дәйекті түрде жетілдірілетін болады деп көрсетіледі тұжырымдамада. **Жастарға арналған қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту қадамдары:** жас отбасыларға жеңілдікпен несие беруге бағытталған шараларды нақтылау мақсатында тұрғын үй заңнамасын жетілдіру мәселесін пысықтау; қалыптасып отырған демографиялық үрдістерге байланысты жасты ұлғайту жағына қарай тұрғын үй бағдарламаларына қатысуға үміткер жас отбасылар үшін шектеулерді қайта қарау мүмкіндігін зерделеу; мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде студенттік жатақханалар салу бағдарламаларын кеңейту қажет.

ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ АУЫЛДАРДА ДА ҚЫЗМЕТ ЕТСЕ...

Бүгінде елімізде 1000 астам ұйымдар бар. Оның ішінде 11 республикалық деңгейде жұмыс жасап жатыр. Соңғы онжылдықта елімізде жастар ұйымдарының саны 7 еседен астам өсті. Қазақстан жастар конгресі (2002) және «Нұр Отан» ХДП жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты (2008) сияқты

бұқаралық ұйымдарға жастардың шоғырлану процесі жалғасуда. 2005 жылы «Қазақстан студенттерінің альянсы» студент жастардың қоғамдық бірлестігі құрылды. 2011 жылдан бастап «Қазақстан жас депутаттарының қауымдастығы», ал республиканың бүкіл өңірлерінде – жастар мәслихаттары жұмыс істейді. 2011 жылы «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдерге арналған жаңа ұйымдар пайда болды, олардың басым міндеті патриоттық тәрбиелеу болып табылады. Жастар ұйымдары бірқатар бағдарламалар мен бастамалармен жұмыс жасап келеді. Мәселен, «Жастар практикасы», «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға!», «Жастар кадрлық резерві», «Мемлекеттік қызмет мектебі», «Жастар – Отанға!» бағдарламалары іске асырылып, қоғамдық оң көзқарасқа ие болуда.

Еліміздің жас буыны өсіп келе жатқаны қуантарлық жайт. Алайда, жастар арасында жиі кездесетін мәселелердің шешілмеуі жастар арасындағы қылмыс, суицид, психологиялық дағдарыстарға ұшырауына ықпал болып жатады. Сол себепті, жастар саясатының басты парасы – жастар ұйымдарының қызметі екені анық. Жастар ұйымдарының ауылдар мен аудандарда қызмет етуін қадағаласа құба құп болар еді. Соңғы сайлау қорытындылары бойынша жастар саясатқа белсене атсалысып жүргенін аңғаруға болады. Бұл да жас буынның мемлекет ісіне, ел болашағына немқұрайлы қарағысы келмейтінін аңғартса керек. Жастар саясаты қанат жайып, өз тұғырынан орын табуы шарт.

Р.С. Тәуелсіз елдің ертені бүгінгі жастардың қолында екені даусыз. Қазақстанда жастар саясатына баса мән беріледі. Өйткені Қазақстанның әрбір екінші тұрғыны 30 жастан жас азаматтар. Дамыған, бәсекеге қабілетті, гүлденген Қазақстанды қалыптастыру кәсіптік білімі, дені сау әрі адамгершілігі мол, бәсекеге қабілетті, елін сүйер және әлеуметтік тұрғыдан жауапты жастардың ғана қолынан келеді. Осыған байланысты мемлекеттің басым міндеті мемлекеттік жастар саясатын уақыт талаптарына сай бейімдеу арқылы жастарды Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналдыру керек екендігін тағы баса қадап айтамыз.

Жанар ЕЛЕШОВА



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, М. БЕГЕНТАЕВ

БАСТЫ ИГІЛК – РУХАНИ, МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Бұл құжаттың басты мақсаты – жастардың потенциалын Қазақстанның дамуы үшін бағыттап, мемлекеттік жастар саясатының озат үлгісін қалыптастыру. Елімізде жас буынды әлеуметтендіру мәселесі әрдайым мемлекеттің көзінен тайған емес. Ал, бүгінде әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттің саяси үрдістерінде жастардың интеграциялық қамтамасыз етілуі бойынша жұмысты күшейтуіміз қажет. Себебі, ХХІ ғасырдың жаһандық билеушісі заманауи жастардың бірқатар өзекті мәселелеріне өз шарттарын қояды. Жастар арасында жиі кездесетін өзекті мәселелер туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та баяндамаларында арқау еткен болатын. Айтылған мәселелер аталмыш тұжырымдамада көрініс тапты. Мәселен, жаһандандудың ұлттық құндылықтар жүйесіне қысым келтіруі – түйткілді мәселелер қатарында екені хақ. Бүгінде жаһандық үрдістер жағдайында ұлттық құндылықтардың жойылуы әсіресе, жастар арасында кең етек жайып келеді. Нәтижесінде, жас ұрпақ арасында дүниетанымдық дағдарыстың орын алып жатқанын байқаймыз. Жастар арасындағы мәдени тұтыну өзгешеленіп, дерттің белгілері айықтала түсті. Себебі не? Материалдық игіліктерге ие болу жас азамат үшін басты мақсатқа айналды, мұның өзі қауіпті. Осыдан мынандай өзекті мәселе туындайды – еңбек құндылықтарының доминандтық емес статустық дәрежесі. Материалдық игіліктерді құндылықтар парадигмасын әспеттеп, жас азаматтар жетістіктерін өздерінің еңбек ету қабілеттерімен әсте байланыстыра қоймайды. Игіліктерді бағындырудың «аз еңбек етіп – көп табыс табу», «ауадан ақша табу» сынды бұрыс формулалары қоғамда жұқпалы дерттей белең алуда. Ол туралы Елбасымыз да сөз еткен болатын.

Соңғы кездегі радикалдық жастар ортасы өсіп келе жатқанын да естен шығармауымыз керек. Өскелең ұрпақ ермексас секілді, шеберлігі мен қулығы болса олардан экстримистік көзқарастар мен идеяларды іске асыратын қорқынышты күшті жасауға болады. Ал бұл өз кезегінде әлемде этникааралық, мәдени және конфессияаралық ынтымақтастық пен түсіністігімен әлемге аты мәшһүр болған Қазақстан үшін өте қауіпті. Біз мұндайға жол бермеуіміз тиіс.



С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Тәрбие жұмысы және Әлеуметтік мәселелер бөлімінің маманы, А. ӘЗІМХАНҚЫЗЫ

Адамның басшысы – ақыл, Жетекшісі – талап, Жолаушысы – ой, Жолдасы – кесіп, Қорғаны – сабыр, Қорғаушысы – мінез. Сынаушысы – халық. (Саққұлақ би).

Елбасының Қазақстан халқына және болашағы зор жастарына арнайтын жыл сайынғы Жолдауы әрқашан да еліміздің қоғамдық өмірдегі ең басты оқиғасы болып табылмақ.

Елбасымыздың биылғы Қазақстан халқына Жолдауында жаңа саяси бағыттың негізгі қозғаушы күші жастар болуы керектігін қадап айтты. «Жастары жалын жүректі, өресі биік, өршіл намысты, ұлағатты рухты болса, ол елдің еңсесі де биік болады», – деп жастарымызға зор сеніммен қараған. Жастар үшін бұл тұжырымдаманың маңызы өте зор. Сондықтан кейінгі толқын өкілдері бұл тұжырымдамамен толығымен танысып, оның негізгі мақсатын, айтылған тың ойлары мен мағынасын терең түсінуі қажет. Біздің айқын болашағымыз – қуатты мемлекет, орнықты және дамыған экономика, молшылық, саяси тұрақтылық пен

келісім болмақ. Сондықтан Елбасымыз ұсынып отырған осындай тамаша Жолдауларымызды өмірде еркін қолданып бар мақсатқа жетуге мәнді де сәнді ғұмыр кешуге аянбай еңбек етейік жастар. Адал еңбекпен жеткен жетістік, тапқан табысы өте қадірлі. Ұлы Абай ақын айтқандай: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық», – деп атап айтуы тегін болмаса керек. Жазушы Л.М. Толстойдың «1% талант, 99% еңбектің күшімен жасадық», – деуі назар аударарлық.

Жастарды қолдау мемлекеттік маңызы бар іс деп ойлаймын. «Жас келсе, кіріс іске» деген дана халқымыз. Біздің бағытымыз айқын. Ол – гүлдену жолында үлкен жетістіктерге жету, аянбай еңбектену. Қолжетімді сапалы білім, жастардың жұмыс және баспанамен қамту, бизнес идеяларды қолдауға бағытталған жобаларға қатыстыру. Жаңа тұжырымдамада осындай жастар үшін маңызды мәселелер қамтылған.

Елбасымыздың жастарға жолдаған 2020 бағдарламасы арқасында көптеген жан-жақты, өнерлі, ақылына көркі сай, инабатты, иманды, жастарымыздың асқақ армандарының орындалуына, мақсаттарға жетуге берер пайдасы өте көп.

УЧИТЬСЯ, ИГРАЮЧИ!

ИГРА – ОДИН ИЗ ДЕЙСТВЕННЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ, ПОЗВОЛЯЮЩИЙ ВЫЯВИТЬ ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ СТУДЕНТОВ, РАСШИРИТЬ И УГЛУБИТЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ ЗНАНИЯ, А ТАКЖЕ РАЗВИТЬ ПРАКТИЧЕСКИЕ НАВЫКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ. О ДЕЛОВЫХ ИГРАХ КАК ЭФФЕКТИВНОЙ ФОРМЕ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ РАССКАЗАЛА НАМ АНТОНИНА ГРИГОРЬЕВНА ЦАРЕГОРОДЦЕВА, КАНДИДАТ ГЕОГРАФИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР КАФЕДРЫ ГЕОГРАФИИ И ТУРИЗМА ПГУ ИМ.С.ТОРАЙГЫРОВА.



– **Антонина Григорьевна, каково место деловых игр в системе методов обучения?**

– Сегодня существует большое количество методов и форм обучения, которые определяются требованиями профилизации обучения, учета индивидуальных и возрастных особенностей учащихся, развития и саморазвития личности. Деловые игры могут найти применение при ведении аудиторных занятий по разным дисциплинам. Смысл деловой игры – в имитации реальной обстановки, это моделирование реальной деятельности, тех систем отношений, которые характерны для будущей профессиональной деятельности специалиста.

Деловая игра проводится по подгруппам с применением интерактивных средств обучения. Проект предоставляется к защите как в виде презентации, так и в виде развернутого отчета. Игра заканчивается дискуссией – подведением результатов игры всеми участниками. Принятие решений в деловых играх осуществляется ее участниками, выполняющими определенные роли.

– **Не секрет, что деловые игры используются при обучении студентов кафедры географии и туризма ПГУ...**

– Действительно, проведение деловых игр на кафедре географии и туризма ПГУ им.С.Торайгырова уже на протяжении более чем десяти лет является одной из составляющих учебного процесса по специальностям «География» и «Туризм».

– **Расскажите об особенностях проведения деловых игр по специальности «География».**

– По специальности «География» основное направление проведения подобной формы обучения связано с природопользованием и природообустройством. Это основное содержание дисциплины «Географические основы управления». Деловая игра проводится с целью подготовки студентов к управ-

ленческой деятельности (в государственной и частной сфере), овладения теоретическими знаниями как в экономической и политической географии, так и в окружающей среде общества.

Географические знания – один из универсальных элементов общей культуры человечества. Понимание географических закономерностей обеспечивает понимание сложных механизмов пространственной организации природы и человеческой деятельности, без чего невозможно составить объективную картину окружающего мира, происходящих в нем процессов. Особое значение имеют знания специалистов в области экономической и политической географии в целях решения теоретических и прикладных вопросов государственного и муниципального управления. Важным условием успешного привития географической культуры будущим специалистам в области государственного управления является выработка ими навыков пользования географическими картами. Всеми этими знаниями и умениями обладают бакалавры географии, обучающиеся в ПГУ. Проводимые занятия по географическим дисциплинам, как, например, «Географические основы управления», «Геополитика» и др., с применением инновационных технологий и деловых игр помогают развивать у выпускников навыки принятия решений в сфере управления с учетом географических факторов в модельных по форме, но вполне жизненных по сути игровых ситуациях.

Студенты выпускных групп по специальности «География» участвуют в таких деловых играх, как «Территориальное управление территорией», «Территориальное управление регионом», «Географическая экспертиза» и др.

В процессе подготовки и проведения деловых игр группа студентов делится на 3-4 подгруппы, в зависимости от контингента, которые представляют и

защищают проекты по строительству выбранного промышленного предприятия, рассматривают всевозможные географические факторы, определяют финансирование и различные риски в период внедрения и деятельности объекта. Выступая в роли экспертов, прессы, общественности, экологических партий, студенты высказывают свою точку зрения, разрабатывают необходимую документацию, и составляют заключение с определением природоохранных мероприятий. Для успешного представления проекта необходим синтез знаний в области географии, экономики, экологии, социологии.

– **В чем специфика проведения деловых игр по специальности «Туризм»?**

– По дисциплинам этой специальности тоже с успехом проводятся деловые игры. Скажем, в рамках дисциплин «Гостиничное хозяйство» и «Гостиничный сервис», тема деловой игры может касаться одного из разделов этих дисциплин или же охватывать в целом тематику по дисциплинам.

Так, в процессе проведения деловой игры 14 марта 2013 года студентами группы Тур-302 на основе синтеза полученных знаний по таким направлениям, как туризм, экономика и география защищались проекты по созданию и экономическому обоснованию своей гостиницы. В процессе подготовки проекта студенты показали навыки работы с научной литературой, статистическими данными по объекту изучения, применения компьютерной графики. В проекте студенты обосновывали выбранную ими организационную структуру и форму управления гостиницы, приводили финансовый план с расчетными данными по загрузке номерного фонда и другим показателям, архитектурное решение внутренней структуры гостиницы с применением компьютерной технологии в 3D, SWOT-анализ слабых и сильных сторон проекта и т.д.

Студенты, выступая в роли директоров гостиниц, менеджеров, начальников служб, достаточно хорошо ориентировались в своих должностных обязанностях. Необходимо отметить преемственность двух ступеней обучения по специальностям бакалавриата и магистратуры кафедры. Так, магистранты 1 курса кафедры географии и туризма: Сендецкая В., Скорик Е., Макаева А., выступая в качестве кураторов подгрупп студентов, участвующих в проекте, корректировали выполнение задания обучающимися, резюмировали результаты защиты команды, высказывали свое мнение о ходе защиты проектов.


– **Антонина Григорьевна, интересно узнать о результатах проведения деловых игр.**

Проведение деловых игр является коллективным методом обучения, в результате игры формируется коллективное мнение при защите мнения своей группы игроков и критики других групп и позволяет вовлечь в занятие максимально возможное количество обучающихся. В деловых играх создается определенный эмоциональный настрой игроков, помогающий активному включению обучаемых в решение изучаемой проблемы.

Проведение деловых игр способствуют развитию деловых качеств и мышления у студентов, способности анализировать современное состояние рынка индустрии туризма и гостеприимства, прогнозировать ситуации развития предприятия.

Что касается студентов, обучающихся на кафедре географии и туризма ПГУ им. С.Торайгырова, можно отметить, что будущие специалисты в области географии и туризма обладают достаточно высоким уровнем компетенции и необходимых знаний для выполнения своих профессиональных обязанностей.

– **Спасибо за интервью.**
Беседовал Дмитрий ЛАРИОНОВ



В этом году математическая общественность России и Казахстана отметит 82-летие со дня рождения доктора физико-математических наук, профессора Владимира Петровича Шункова.

Он родился в с.Бура Калгинского района Читинской области 29 июля 1931 г. В годы репрессий семья Шунковых переехала в Казахстан. В 1952 году Владимир Петрович окончил Раздольнинскую среднюю школу Акмолинского района Акмолинской области. В 1953

К ДНЮ РОЖДЕНИЯ ВЫДАЮЩЕГОСЯ МАТЕМАТИКА

году успешно сдал вступительные экзамены в Пермский государственный университет. Долгое время В.П.Шунков работал под руководством известного алгебраиста Сергея Николаевича Черникова. Позже В.П.Шунков был переведен в аспирантуру УрГУ, которую закончил в 1962 году. Годы после окончания аспирантуры были тяжелыми: Владимир Петрович устроился старшим преподавателем в Свердловское Высшее военное авиационное училище, на жизнь денег едва хватало. В 1974 году В.П.Шунков переехал Красноярск, в Институт Физики СО АН СССР, где работал в математической лаборатории.

С 1975 г. трудился главным научным сотрудником в Институте Вычислительного моделирования СО РАН в г.Красноярске. С его приходом в институте начались исследования по теории групп. Известность Шункову-ученому принесло решение проблемы минимальности в классе локально конечных групп.

Основное научное направление В.П.Шункова – теория бесконечных групп с различными условиями конечности: изучение локально конечных групп конечного ранга, групп с конечными централизаторами инволюций, некоторых групп Фробениуса, разработка нового направления в теории периодических групп. Им введен класс сопряженно бипримитивно конечных групп и построена его теория. В 1997 г. за такими группами закрепилось название «групп Шункова». В дальнейшем были введены и другие классы групп. В целом это обширный класс бинарных групп Шункова.

В.П.Шунков – один из ведущих специалистов в области локально конечных и периодических групп, автор более 100 научных работ и трех монографий по теории групп, руководитель научно-исследовательского проекта госбюджетной темы «Алгебры логические исследования дискретных систем».

Около десяти лет он воз-

главлял кафедру алгебры и математической логики Красноярского государственного университета. За время работы в ИВМ Владимир Петрович подготовил двадцать кандидатов наук (из них двое работают в ПГУ им.С.Торайгырова), четверо из которых стали докторами наук. Одним из его первых учеников является профессор ПГУ, кандидат физико-математических наук Павлюк Иван Иванович, который продолжает работу в области теории групп, разрабатывая новое ее направление – теорию сравнения в группах.

В 1997 году В.П.Шунков был членом оргкомитета Международной научной конференции по теории групп, посвященной памяти С.Н.Черникова, участвовал в работе Международной конференции по теории представлений конечных групп в Кембридже. В 1994 году ему была присуждена премия имени академика А.И.Мальцева за выдающиеся достижения в области теории локально конечных групп, в 1999 году он

был награжден Орденом «За заслуги перед Отечеством» II степени.

Владимир Петрович Шунков скончался на восьмидесятом году жизни, похоронен в г.Красноярске. Вся его жизнь была посвящена служению науке. Владимир Петрович считал органический мир, всю его красоту и гармонию ничем иным, как материальным воплощением теории симметрии, подходил к процессу познания творчески, неформально. Он внес неоценимый вклад в развитие теории групп, и потому его по праву называют одним из классиков современной математики.

Авторы этой статьи – ученики В.П. Шункова и ученики его учеников. Жизнь теории групп продолжается, это лучшая память о замечательном человеке и выдающемся ученом Владимире Петровиче Шункове.

И.И. Павлюк, Ин.И. Павлюк, М.Н. Ивко, Л.И. Теняева, М.Ю. Навалихина, В.О. Будкова, Д.Ю. Емельянов, В.А. Гайдак

Наурыз мейрамы



Ақындардың Ұлыстың ұлы күніне арнау жырлары мерекенің шырайын келтіре түсті

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қаламыздың орталық алаңында тігілген киіз үйі

Мерекенің көркі - шашу

С.М. Өмірбаев, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, Э.Ғ.Д., профессор

Бүкіл қазақстандықтар Ұлыстың ұлы күнін тойлауда. Көктемнің шуақты күндерімен бірге қазақ жеріне наурыз мерекесі келеді. Наурыз бүгінгі күннің жақсылықтары мен өткен күннің ғибратын саралайтын күн. Жаһандағы ең көне мейрамдардың бірі Ұлыстың ұлы күні табиғат ана оянып, тіршілік атаулының бәрі түлейтін кезеңі. Бұл күні адамдар бір-бірін кешіріп, ынтымақта, бірлікте, бейбітшілікте өмір сүруге ұмтылады. Ал, Қазақстанда наурыз мейрамы жалпы халықтық сипатта тойланады. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті де ұлттық ғибратты, тағылымдық мәні бар дәстүрлерді жаңғырту мақсатында наурыз мерекесін тойлауға ерекше мән береді. Ұлт пен ұлыстардың достығы мен ынтымақтастығын жалау еткен наурыз тойы барша халыққа, оқу ордамыздың студенттері мен оқытушыларына береке мен құт әкелсін!

Ұлыстың ұлы күні қазақтардың жаңа жыл мерекесі екені бәрімізге мәлім. Сол себепті, наурыз мерекесін тойлау тек көңіл көтеру ғана емес, өткенге баға беріп, істерімізді бағамдап, саралау да шарт. Мәселен, өткен жылы біздің оқытушылар, магистранттар мен студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқасында әлемге аты мәшһүр оқу ордаларымен ғылыми байланыста болуларына мүмкіндік алды. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің көптілділік бағдарламасы жүзеге асуда. С.Торайғыров атындағы ПМУ студенттері әлемді тануға әрі дүниежүзілік кәсіптік біліктілік стандартына жақындауға мүмкіндікке ие болды. Биылғы жылдың өзінде алыс шетелге 30 студент, жақын шетел мен Қазақстанның ұлттық жоғары оқу орындарына 40-тан аса студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламасына сай білім алып келді.

Алдағы жылы да С.Торайғыров атындағы ПМУ елдегі алдыңғы қатарлы жоғары мектептер қатарынан көріне береді деген ойдамыз. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын қадірлі ұстаздар, қазыналы ғалымдар және жалынды жастар!



Сәулет-құрылыс факультеті

Алтыбақан аясында наурыз ойындары ойналды

С.ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ҰЛЫ КҮНІН



С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің құрметті профессорлары

С.ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ФАКУЛЬТЕТТЕРІ НАУРЫЗДЫҢ 22 КҮНІ ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІН ТОЙЛАДЫ. ЖАЙМАУЫТОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ МУЗЫКАЛЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫ АЛАҢЫНДА ЖӘНЕ ШАҒАРЫМЫЗДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЛАҢЫНДА ОҚУ ОРДАМЫЗДЫҢ КИІЗ ҮЙЛЕРІ ТІГІЛІП, НАУРЫЗ ДАСТАРХАНЫ ЖАЙЫЛДЫ. НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНДЕ БЕРЕКЕЛІ ДАСТАРХАННАН ДӘМ ТАТЫП, «НАУРЫЗ КӨЖЕНІ» ТОЯ ІШКЕН ЖАН ҮШІН КЕЛЕР ЖЫЛДЫҢ ҚҰТЫ МЕН БЕРЕКЕСІ МОЛ БОЛАДЫ ДЕСЕДІ.



Бүгінгі қазақтың батырлары күштерін сынап бақты

Құлақтан кіріп, бойды алар, әсем өн мен тәтті күй

Ұлттық киімдерін ұлықтаған арулар

Наурыз мейрамы



Наурыз думан - шат-шадыман көңіл-күй



Мерекелік шашу

Ұлтымыз Ұлыстың Тойы

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒИБРАТТЫ, ТАҒЫЛЫМДЫ ДӘСТҮРЛЕРІН ДӘРІПТЕУ МАҚСАТЫНДА С.ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПМУ ФАКУЛЬТЕТТЕР МЕН КОЛ-ЛЕДЖ АРАСЫНДА «ҰЗДІК КИІЗ ҮЙ МЕН ҰЛТТЫҚ КИІМ» БАЙҚАУЫН ӨТКІЗДІ. КИІЗ ҮЙ ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТІП, ҰЛТТЫҚ КИІМНІҢ СӘНДІ ҮЛГІСІН ПАШ ЕТІП, НАУРЫЗ ДАСТАРХАНЫНЫҢ БЕРЕКЕСІН КЕЛТІРГЕН МЕТАЛЛУРГИЯ, МАШИНАЖАСАУ ЖӘНЕ КӨЛІК ФАКУЛЬТЕТІ. ЕКІНШІ ОРЫНДЫ СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС ФАКУЛЬТЕТІ ҚАНЖЫҒАСЫНА БАЙЛАДЫ. АЛ ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ ҮШІНШІ ОРЫНДЫ МІСЕ ТУТТЫ.

Той думанның сені мен мәні - қазақтың ұлттық киімдері



Көңіл сергітер би



Қазақ ғұрыптарының ұйытқысы - аналар



Өн-көңілдің ажары

Наурыз дастарханының берекесі - құтты қонақтар



Оқу ордамыздың өнерпаз жастары

Құндылық



Наурыз в переводе с древнеперсидского означает новый день: «нау» – «новый», «рыз» – день. Раньше наурызом называли не весь месяц, а только 22 марта – день весеннего равноденствия, когда ночь и день пусть на одни сутки, но становились равными. В представлении древних тюрков это символизировало всеобщую гармонию и то особое состояние умиротворенности в природе, когда зима еще не ушла, а весна – уже на пороге. Природа подает нам, своим неразумным детям, пример великого сосуществования противоположностей: не борьбы, не взаимоисключения, а единства.

И каждый год наступает такая пора, когда в городах и весях вырастают целые юрточные городки, выстраиваются рядами огромные качели – алтыбаканы, в воздухе разносится аромат дымящегося плова, румяных баурсаков, «понарошк» – в бутфорских костюмах выходят замуж, ребенку (по сценарию) перерезают пупы, повсеместно дружно «отлавливают» бабушек, которые не разучились еще держать в руках пряжу и не забыли, как уложить ребенка в бесик – колыбель степняка.

Мы весело празднуем, отряхаясь на один день от повседневных забот, вдыхая атмосферу дружелюбия и гостеприимства. А дальше что? Неужели все ограничится сценарием и бутафорией? А что останется в нашем сознании, в сердце и душе? Изменимся ли мы сами? И что передадим детям?

Вспомним, у древних не было разделения философии мира и быта, они были взаимосвязаны. Одной из обязательных характеристик любого действия и любого предмета было философское его осмысление и определение его смысловой значимости. И сегодня мы должны как бы вновь открыть для себя, что, несмотря на различия в цвете кожи, разрезе глаз, мы тесно связаны какими-то фундаментальными узлами, более глубокими, чем все доктрины и концепции, вместе взятые, что изначально все люди имеют сходные стремления и потребности.

Когда люди понимают друг друга и объединяются в своих стремлениях, они становятся несокрушимой силой.

И не случайно в дни Наурыза люди тоже стремились к единству и гармонии во всем: в быту, в житейских мелочах, в отношениях друг с другом.

